

2009 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыс орындарын ұйымдастыру және халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 12 ақпандағы N 591 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 наурызда N 5-11-90 тіркелді. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қарашадағы N 938 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 2009.11.23 N 938 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 20-бабы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес халыққа әлеуметтік көмек көрсету, халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды жүзеге асыру, сондай-ақ материалдық өндіріс орнындағы қамту қызметін және тағы басқа жұмыстарға байланысты туындайтын түйінді мәселелерді жедел шешуге, еңбекке тартылмаған адамдарды пайдалануды жүзеге асыру мақсатында Зайсан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Зайсан ауданы бойынша 2009 жылғы ақылы қоғамдық жұмыстар түрлерінің тізбесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Зайсан ауданы бойынша 2009 жылғы халықтың нысаналы топтарының тізбесі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Зайсан ауданының 2009 жылғы ақылы қоғамдық жұмыс орындары ұйымдастырылатын қала, ауылдық округі әкімдері, мекеме, кәсіпорындар және жеке кәсіпкерлер тізбесі 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Төлемді қоғамдық жұмыстарға тартылатын адамдарға төленетін еңбекақы Қазақстан Республикасындағы бекітілген төменгі еңбекақы мөлшерінен кем болмасын.

5. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Б. Қинашев) ақылы қоғамдық жұмыстарды ауданның мекеме, кәсіпорын,

ұйымдарда және жеке кәсіпкерлерде жүргізуді, оған жұмыссыз ретінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тіркелген азаматтарды жіберуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Биқадамовқа жүктелсін.

7. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Ә. Мұхтарханов

2009 жылғы 12 ақпандағы
Зайсан ауданының әкімдігінің
№ 591 қаулысына 1-қосымша

Зайсан ауданы бойынша 2009 жылғы ақылы қоғамдық жұмыстар түрлерінің тізбесі

1. Қалалар, елді мекендер, өндірістік кәсіпорындар аумақтарын тазартуда тұрмыстық-коммуналдық шаруа ұйымдарына көмек көрсету.

2. Құрылыс және жол жөндеу, су құбыры бойынша қосалқы жұмыстар.

3. Мелиорация жұмыстарына, су тасқынына қарсы шараларды өткізуге, үлкен және кіші көпірлерді, басты каналдардың арналарын, арықтарды, жылғаларды, өзендерді тазалауға қатысу.

4. Құрылыс, жаңғырту, әлеуметтік – мәдени объектілерді жөндеу жөніндегі жұмыстар.

5. Аймақтарды экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және көркейту).

6. Мәдени бағыттағы көлемді шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету (спорттық жарыстар, фестивальдар, мейрамдар және т. б.) тұрғылықты жер бойынша балалар мен жас өспірімдердің дем алуын ұйымдастыру.

7. Республикалық және аймақтық қоғамдық науқандар өткізуге көмек көрсету. Халық санағын, әскери комиссариаттарда, салық органдарында, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеуге қатысу.

8. Малды, құсты бордақылауға, көкеніс және дәнді дақылдар өсіру жөнінде маусымдық қысқа мерзімді жұмыстар.

9. Мерзімдік жылыту жұмыстары.

10. Жұмыстардың басқа түрлері.

Зайсан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімінің меңгерушісі Б. Қинашев

2009 жылғы 12 ақпандағы
Зайсан ауданының әкімдігінің
№ 591 қаулысына 2-қосымша

Зайсан ауданы бойынша 2009 жылғы халықтың нысаналы топтарының тізбесі

1. Табысы аз адамдар.
2. 21 жасқа дейінгі жастар.
3. Балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 23 жасқа дейінгі балалар.
4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар.
5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар.
6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған).
7. Мүгедектер.
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар.
9. Бас бостандығынан айыру және мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар.
10. Оралмандар.
11. 50 және одан жоғары жастағы аз қамтылған адамдар.
12. Жазғы демалыс кезіндегі аз қамтылған отбасындағы студенттер.
13. Аз қамтылған отбасындағы жазғы демалыс кезіндегі 14 пен 18 жас аралығындағы жоғары сынып оқушылары.
14. Нашақұмарлар.
15. Адамның иммун вирусымен зақымдалғандар.

Зайсан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің меңгерушісі **Б. Қинашев**

2009 жылғы 12 ақпандағы
Зайсан ауданының әкімдігінің
№ 591 қаулысына 3-қосымша

Зайсан ауданының 2009 жылы ақылды қоғамдық жұмыс орындары ұйымдастырылатын қала, ауылдық округі әкімдері, мекеме, кәсіпорындар

| Р/с | Кәсіпорындар | Қоғамдық жұмыс түрлері | Атқарылытын жұмыс көлемі |
|-----|---------------------|---|---|
| 1 | Зайсан ауданы әкімі | Көгалдандыру, көркейту, тазалық жұмыстары | Көгалдандыру, тазалық жұмыстары-0,2 га. |
| | | Су тасқынының алдын-алу, су ағарларды жөндеу, | 3 үлкен 9 кіші көпірлерді мұздан, қардан тазалау, 1,5 км. бас |

| | | | |
|----|---|--|--|
| 2 | Зайсан қала әкімі | тазалау, тереңдету, бас арықтарды жөндеу, көпірлерді мұздан, қардан тазалау, көшет отырғызу, көшелерді тазалау | арықты, 11км. су ағарларды тазалау, тереңдету 2000 түп көшет отырғызу, суару, санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу |
| 3 | Мустафина атындағы орта мектеп | Көгалдандыру, тазалық жұмыстары | 500 м. суағарларды тазалау, бакты суару, ағымдағы жөндеу жұмыстары |
| 4 | Гагарин атындағы орта мектеп | Қар, арықтарды тазалау, ағымдағы жөндеу жұмыстары, гүлзарларды күтіп, бағу, суару | 1400 м, арықтарды тазалау, бакты суару, ағымдағы жөндеу жұмыстары |
| 5 | Ломоносов атындағы орта мектеп | Тазалық жұмыстары, көшеттер егу, гүлдер отырғызу, жылу жүйесін жөндеу, ағымдағы жөндеу жұмыстары | 450 шаршы метр аланың азалау, 350 м, суағарларды тазалау, бакты суару, ағымды жөндеу жұмыстары |
| 6 | Әуезов атындағы орта мектеп | Көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, тазалық жұмыстарын жүргізу | 500 шаршы метр ауланы тазалау, 400 м, суағарларды тазалау, бакты, гүлдерді суару, ағымды жөндеу жұмыстары |
| 7 | Дауленов атындағы орта мектеп | Көгалдандыру, ағымдағы жөндеу тазалық жұмыстары, асханадағы жұмыстар | 300 шаршы метр ауланы тазалау, 200 м, суағарларды тазалау, бакты, гүлдерді суару, 200 көшет егу, ағымды жөндеу жұмыстары |
| 8 | Аудандық медициналық бірлестік | Саябақты суару, күту, ағымдағы жөндеу, тазалық жұмыстары | От жағу қазандығын жөндеу, 600 м, суағарларды тазалау, бакты суару-0,5 га. |
| 9 | Аудандық мәдениет үйі | Саябақты тазарту, күту ағаш отырғызу, тазалық жұмыстары | Бакты суару, тазалау-0,7 га. 100 көшет егу, суару |
| 10 | Зайсан аудандық әділет басқармасы | | Күніне 10-15 құжат |
| 11 | Зайсан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағарламалар бөлімі | Құжаттармен жұмыс істеу | Күніне 30-40 құжат |
| 12 | ШҚО бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығының Зайсан филиалы | Архивтік құжаттарды реттеу жұмыстарын жүргізу | Күніне 30-40 құжат |
| 13 | Зайсан аудандық тарихи өлке тану мұражайы | Ағымдағы жөндеу жұмыстары, тазалық | Ағымдағы жөндеу жұмыстары, санитарлық-тазалық жұмыстары-200 шаршы метр |
| 14 | Зайсан ауданының ішкі істер бөлімі | Тазалық және іс құжаттармен жұмыс | Саябақты суару, ауласын тазарту 100 ш.м, күніне 20 құжат |
| 15 | Мемлекеттік еңбек инспекциясы | Құжаттармен жұмыс істеу | Күніне 10-15 құжат |
| | | | |

| | | | |
|----|--|---|--|
| 16 | № 3 бала-бақша | Көгалдандыру, тазалық, ағымдағы жөндеу жұмыстары | Бақты суару, тазалау-0,25 га. |
| 17 | Зайсан аудандық соты | Құжаттармен жұмыс істеу | Күніне 15-20 құжат |
| 18 | Зайсан аудандық аумақтық инспекциясы | Құжаттармен жұмыс істеу, тазалық жұмыстары | Күніне 10-15 құжат, 350 шаршы метр ауланы тазалау |
| 19 | ШҚО мемлекеттік мұрағатының Зайсан филиалы | Құжатпен жұмыстар | Күніне 30-40 құжат |
| 20 | Зайсан аудандық зейнетақы төлем бөлімі | Құжатпен жұмыстар | Күніне 10-15 құжат |
| 21 | Аудандық салық комитеті | Құжатпен жұмыстар | Күніне 15-20 құжат |
| 22 | Қылмыстық атқару инспекция | Құжатпен жұмыстар | Күніне 10-15 құжат |
| 23 | Аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім | Тазалық, көгалдандыру, құжаттармен жұмыс істеу | Күніне 10-15 құжат, 0,3 га. |
| 24 | Аудан прокуратурасы | Құжаттармен жұмыс істеу | Күніне 10-15 құжат |
| 25 | Нұр Отан ХДП | Құжаттармен жұмыс істеу | Күніне 10-15 құжат |
| 26 | Аудандық білім бөлімі | Тазалық, көгалдандыру жұмыстары | 0,2 га. ауланы тазалау, тоғай суару |
| 27 | Қаратал ауылдық округінің әкімі | От жағу, су тасқынына қарсы шаралар, су ағарларды тазалау, көркейту, көгалдандыру, өрт қауіпсіздігі жұмыстары | 2 үлкен көпірді қардан, мұздан тазалау, 1,5 км. суағарларды тазалау, 800 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу |
| 28 | Қаратал орта мектебі | Көгалдандыру, мектеп үйінің жылу жүйесін, ағымдағы жұмыстарын жүргізу, гүлзарларды күту | 200 дана көшет егу, суару, 200 метр суағарларды тазалау |
| 29 | Сартерек ауылдық округінің әкімі | Көгалдандыру, тазалық, көкейту жұмыстары | 3 үлкен көпірді қардан, мұздан тазалау, 1,5 км. суағарларды тазалау, 700 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу |
| 30 | Қарабулақ ауылдық округінің әкімі | Көгалдандыру, тазалық жұмыстары, арық, көпірлер тазалау, | 2 үлкен көпірді қардан, мұздан тазалау, 2,5 км. суағарларды тазалау, 600 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу |
| 31 | Абай атындағы орта мектеп | Тазалық, көгалдандыру, аспазшыға көмектесу, ағымдағы жөндеу жұмыстары | 300 шаршы метр тазалау, 200 м. суағарларды тазалау |
| 32 | Біржан ауылдық округінің әкімі | Су ағарларды тазалау, көгалдандыру, тазалық өрт қауіпсіздігі жұмыстары | 2 үлкен көпірді қардан, мұздан тазалау, 2 км. суағарларды тазалау, 500 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу |

| | | | |
|----|--------------------------------------|---|--|
| 33 | Шілікті ауылдық округінің әкімі | Су тасқынына қарсы шаралар қолдану, тазалық, көгалдандыру, өрт қауіпсіздігі жұмыстары | Су тасқынының алдын алу, 2 км. суағарларды тазалау, 500 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу |
| 34 | Дайыр ауылдық округінің әкімі | Көгалдандыру, тазалық, ағымдағы жөндеу жұмыстары | 3 үлкен көпірді қардан, мұздан тазалау, 1,5 км. суағарларды тазалау, 600 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу |
| 35 | Кеңсай ауылдық округінің әкімі | Су ағарларды қардан тазарту, тазалық, көгалдандыру, ағаш отырғызу, саябақтарды суару | 2 үлкен көпірді қардан, мұздан тазалау, 1,5 км. суағарларды тазалау, 500 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу |
| 36 | Кеңсай орта мектебі | Көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, тазалық жұмыстары | 200 метр суағарларды тазалау, бақты суару, сырлау, әктеу жұмыстары |
| 37 | Жарсу орта мектебі | Көгалдандыру, ағымдағы жөндеу жұмыстары, мектеп алдындағы бау-бақшаны күту | 0,25 га. ауланы тазалау, тоғайдарды суару, ағымды жөндеу жұмыстары |
| 38 | М. Маметова атындағы бастауыш мектеп | Ағымдағы жөндеу, тазалық жұмыстары | 0,2 га. ауланы тазалау, тоғайдарды егу, суару, ағымды жөндеу жұмыстары |
| 39 | Айнабұлақ ауылдық округінің әкімі | Қар тазалау, көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары | 1 үлкен 3 кіші көпірлерді қардан, мұздан тазалау, 1,5 км. суағарларды тазалау, 600 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу |
| 40 | Айнабұлақ орта мектебі | Көгалдандыру, тазалық, ағымдағы жөндеу жұмыстары | 0,3 га. ауланы тазалау, тоғайдарды егу, суару, ағымды жөндеу жұмыстары |
| 41 | Жаңа тұрмыс орталау мектебі | Ағымды жөндеу, тазалық, көгалдандыру жұмыстары | 0,2 га. ауланы тазалау, тоғайдарды егу, суару, ағымды жөндеу жұмыстары |
| 42 | «Жамбыл» шаруа қожалығы | Көкөніс өнімдерін егу, күтіп баптау, қора жөндеу | 10 га. картоп, 15 га. егін |
| 43 | “Толқын МС” шаруа қожалығы | Көшеттерді, егін, көкөніс, өнімдерін егу, күту | 20 га. картоп, 20 га. егін |
| 44 | «Қорған төбе» шаруа қожалығы | Нан пісіру | Күніне 90 бөлке |
| | | БАРЛЫҒЫ | |

кестенің жалғасы

| Р/с | Кәсіпорындар | Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың саны | Қаржыландыру көздері | Еңбек ақы көлемі |
|-----|--------------|---|----------------------|------------------|
| | | | | |

| жалпы саны | ауыл | бюджет | жұмысберуші | | |
|------------|---|--------|-------------|--------|---------------------------------|
| 1 | Зайсан ауданы әкімі | 5 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 2 | Зайсан қала әкімі | 115 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 3 | Мустафина атындағы орта мектеп | 4 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 4 | Гагарин атындағы орта мектеп | 4 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 5 | Ломоносов атындағы орта мектеп | 4 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 6 | Әуезов атындағы орта мектеп | 4 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 7 | Дауленов атындағы орта мектеп | 4 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 8 | Аудандық медициналық бірлестік | 6 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 9 | Аудандық мәдениет үйі | 3 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 10 | Зайсан аудандық әділет басқармасы | 2 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 11 | Зайсан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 6 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 12 | ШҚО бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығының Зайсан филиалы | 4 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 13 | Зайсан аудандық тарихи өлкетану мұражайы | 4 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 14 | Зайсан ауданының ішкі істер бөлімі | 5 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 15 | Мемлекеттік еңбек инспекциясы | 2 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |

| | | | | | |
|----|--|----|----|--------|---------------------------------|
| 16 | № 3 бала-бақша | 3 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 17 | Зайсан аудандық соты | 2 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 18 | Зайсан аудандық аумақтық инспекциясы | 3 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 19 | ШҚО мемлекеттік мұрағатының Зайсан филиалы | 3 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 20 | Зайсан аудандық зейнетақы төлем бөлімі | 4 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 21 | Аудандық салық комитеті | 2 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 22 | Қылмыстық атқару инспекция | 4 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 23 | Аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім | 4 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 24 | А у д а н прокуратурасы | 2 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 25 | Нұр Отан ХДП | 3 | | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 26 | Аудандық білім бөлімі | 2 | | бюджет | |
| 27 | Қаратал ауылдық округінің әкімі | 30 | 30 | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 28 | Қаратал орта мектебі | 4 | 4 | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 29 | Сартерек ауылдық округінің әкімі | 30 | 30 | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 30 | Қарабулақ ауылдық округінің әкімі | 24 | 24 | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 31 | Абай атындағы орта мектеп | 4 | 4 | бюджет | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| | | | | | |

| | | | | | | |
|----|--------------------------------------|-----|-----|--------|--------------|---------------------------------|
| 32 | Біржан ауылдық округінің әкімі | 16 | 16 | бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 33 | Шілікті ауылдық округінің әкімі | 30 | 30 | бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 34 | Дайыр ауылдық округінің әкімі | 30 | 30 | бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 35 | Кеңсай ауылдық округінің кімі | 21 | 21 | бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 36 | Кеңсай орта мектебі | 4 | 4 | бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 37 | Жарсу орта мектебі | 3 | 3 | бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 38 | М. Маметова атындағы бастауыш мектеп | 3 | 3 | бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 39 | Айнабұлақ ауылдық округінің әкімі | 30 | 30 | бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 40 | Айнабұлақ орта мектебі | 4 | 4 | бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 41 | Жаңа тұрмыс орталау мектебі | 3 | 3 | бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 42 | «Жамбыл» шаруа Қожалығы | 4 | 4 | бюджет | Жұмыс беруші | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 43 | “Толкын МС” шаруа қожалығы | 4 | | бюджет | Жұмыс беруші | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 44 | «Қорған төбе» шаруа қожалығы | 2 | 2 | бюджет | Жұмыс беруші | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| | | 450 | 242 | | | |

Ескерту: Қоғамдық жұмыстың нақты шарты: жұмыс аптасының ұзақтығы екі демалыс күн 5 күнді құрайды, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат, жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген дәлелді жұмыс істеген уақыты арқылы жұмыссыздың жеке шотына аудару жолымен жүзеге асырылады; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету; уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша

әлеуметтік жәрдемақы төлеу, денсаулыққа мертігу немесе басқа зақымдану салдарынан келтірілген зияндардың орнын толтыру, зейнетақы және әлеуметтік ақша аударулар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

*Зайсан аудандық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің меңгерушісі Б. Қинашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК